

- 9 Какимова, М. Е., Кадыров, Ж. Т., Ахметова, Т. А. (2019). Значение понятия «вежливость» в казахском языке. Вестник Павлодарского государственного университета. Филологическая серия, (3), 172–184.
- 10 Kakimova, M. Y., & Olkova, I. A. (2019). The phenomenon “politeness” as a linguistic category. Вестник КМУ им. Ш. Уалиханова. Серия филологии, (4), 123–131.
- 11 Елемесова, М. (2017). Код вежливости: поздравительные письма. Делопроизводство в Казахстане, (3), 30–35.
- 12 Ryssaldy, K. T., & Utepova, A. N. (2018). Lingvocultural peculiarities of concept “politeness” in Kazakh and English languages and its influence on forming cross-cultural competence. News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Human Sciences, 2(318), 131–137.
- 13 Yergazy, N., & Denisenko, A. (2024). Implementation of positive and negative politeness strategies in Kazakh and Russian family discourse talk show. *RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics*, 15(4), 1232–1244.
- 14 Peters, P., & Burke, I. (2025). Negative politeness and no worries in Australian English. *World Englishes*, 44(1–2), 253–268.
- 15 Singh, R., Singh, K., & Kundra, S. (2024). Negative and positive politeness strategies in the syntactic structures and hedging devices used in conversation in Bua Fiji Hindi. *Cogent Arts & Humanities*, 11(1).

Материал поступил в редакцию журнала 22.01.2026

XFTAP 16.21.47

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp197-212](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp197-212)

Ш.А. Хамитова¹, А.С. Адилова¹, А.Ш. Каппасова¹, А.К. Жунусова²

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, 100028, Қазақстан

²Қарағанды индустриялық университеті, Теміртау, 101400, Қазақстан

ТҮРКІ ТАҒАМ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ ЛЕКСИКА АРҚЫЛЫ БЫҚПАЛЫ: ТҮРКІ ТЕКТЕС АСПАЗДЫҚ ТЕРМИНДЕР МЕН ДӘМДЕУШІ АТАУЛАРЫ

Мақала түркі халықтарының ас дайындау мәдениетінің ағылшын тіліндегі аспаздық лексика арқылы әсерінің тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдануына арналады. Мақалада түркі тектес аспаздық терминдердің үнді-еуропа тілдеріндегі таралу жолдары, семантикалық және фонетикалық бейімделуі, сондай-ақ мәдени ықпалы қарастырылады. Зерттеуде түркі тектес тағам атауларының үнді-еуропа тілдеріндегі әлеуметтік-мәдени себептері және тарихи қолданыста қаншалықты жиі кездескені графикте талданады. Бұл зерттеу түркі тілдерінен енген аспаздық терминдердің, әсіресе дәмдеуіш атауларының ағылшын гастрономиялық контекстеріндегі орнын және оның мәдени маңызын анықтауға бағытталады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей «кебаб», «йогурт», «палау» және «шашлык» сияқты түркі аспаздық терминдерінің ағылшын тілінің лексикалық құрамына еніп, мәдени ықпалдастықтың маңызды көрінісіне айналғанын байқауға болады. Мақала түркі-ағылшын тілдік байланыстарының аспаздық лексика деңгейіндегі эволюциясын талдап, лингвомәдениеттану мен тарихи лексикология саласындағы маңызды мәселелерді ашады.

Кейінгі жылдары түркі өркениетінің еуропалық мәдениетке, әсіресе тілдік деңгейде әсерін зерттеу лингвомәдениеттану, этнолингвистика және тарихи лексикология бағыттарында өзекті тақырыпқа айналып келеді. Бұл зерттеу мақаласы түркі

халықтарының тағам мәдениетінің ағылшын тіліндегі әсерін, атап айтқанда тағамтану лексикасы арқылы жүзеге асқан мәдени байланыстарды талдауға арналады.

Кілт сөздер: түркизмдер, гастрономиялық лексика, кірме сөздер, тарихи лексикология, лингвомәдениеттану, түркі тағамдық мәдениеті, дәмдеуіш атаулары.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Бұл мақала тіл мен мәдениеттің өзара ара-қатынасын аспаздық лексика аясында қарастырады. Зерттеудің негізгі нысаны – ағылшын тіліндегі түркі тектес аспаздық терминдер, олардың тарихи-семантикалық әрі мәдени трансформациясын талдауға бағытталады. Түркі халықтарының тағамдық мәдениеті көпғасырлық тарихи даму нәтижесінде қалыптасқан мәдени код ретінде қарастырылып, оның тілдегі көрінісі мәдениетаралық ықпалдастықтың маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде танылады.

Зерттеу тілдік кірме құбылыстарды мәдени мәтіндік ортада талдауды басты қағида ретінде ұстанады. Атап айтқанда, аспаздық лексика белгілі бір ұлттың дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік құрылымын бейнелейтін этнолингвистикалық бірлік ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, түркі тілдерінен ағылшын тіліне енген аспаздық терминдер тек лексикалық бірліктер ғана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени ақпарат тасымалдаушысы болып кездеседі.

Мақалада тілдер арасындағы диахрониялық және синхрониялық байланыстар тұрғысынан қарастырылады. Жаһандану мен сандық коммуникацияның соның ішінде Google Books, Google Ngram Viewer және Google Trends сияқты заманауи дереккөздердің тілдік өзгерістерге әсері негізгі әдістемелік тірек ретінде қолданылады. Мақала жазу барысында бұл құралдар түркизмдердің ағылшын тіліндегі қолданылу жиілігі мен танымалдылығының динамикасын анықтауда негізгі құралдар ретінде тіркеледі.

Зерттеудің тағы бір маңызды ұстанымы – аспаздық терминдерді жалпы түркизмдер жүйесіндегі бір бөлігі ретінде қарастыру. Осы мақсатта түркизмдер топонимдер, әлеуметтік титулдар, тұрмыстық заттар, киім атаулары, жануарлар мен өсімдіктер атаулары және аспаздық лексика сияқты бірнеше семантикалық топтарға жіктеледі. Мұндай жіктеу түркі мәдениетінің әлемдік лексикаға қосқан үлесін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

КІРІСПЕ

Түркі халықтарының мәдени мұрасы – әлемдік өркениет қазынасының маңызды құрамдас бөлігі. Сол мұраның бір қыры – тағамдық мәдениет пен ас атаулары. Тіл – халық мәдениетінің айнасы. Түркі халықтары Еуразия кеңістігінде мыңдаған жылдар бойы өзге ұлттармен саяси, сауда және мәдени қарым-қатынаста болғандықтан, олардың тілдік элементтері көршілес халықтардың сөздік қорына елеулі әсер етті. Әсіресе, аспаздық лексика (culinary lexicon) белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымын бейнелейді.

Адамзат өркениетінің даму тарихында тағам тек биологиялық қажеттілікті өтейтін құбылыс емес, сонымен қатар жер бетіндегі ұлттардың дүниетанымын, тұрмыс-салтын және әлеуметтік қатынастарын бейнелейтін мәдени код болып қарастырылады.

Тілдер мен мәдениеттердің жанасуы әрбір дәуірде олардың дамуы мен жетілуінде маңызды із қалдырады, бұл ең алдымен тіл мен мәдениетте көрініс табады [1]. Ғаламдану дәуірінде қоғамның өзгеруі көптеген салаларға әсер еткендіктен, тағамтану саласы да осы өзгерістердің негізгі нысаны болып өзгеріске ұшырады. Гастрономия мәдениеттің маңызды элементі ретінде лексикалық және фразеологиялық жаңалықтар арқылы тілде көрініс табады, бұл тілдің мәдени құндылықтарын және менталды ерекшеліктерін көрсетеді [2]. Сонымен қатар, тағаммен байланысты адам өмірінің күрделілігі мен алуан түрлілігін ескерсек, кез келген тілде «тағам» лексикалық-тақырыптық тобында көптеген лексикалық бірліктер болады, олардың көпшілігі тілде ұзақ тарихқа ие. Бұл ұзақ тарих, әсіресе, түркі тілдерінен ағылшын тіліне енген аспаздық терминдердің, оның ішінде дәмдеуіш атауларының

семантикалық және стилистикалық эволюциясында айқын көрінеді [3]. Лингвистикалық және мәдени алмасулардың нәтижесінде пайда болған тағамға қатысты неологизмдер заманауи ағылшын тіліндегі тағамтанумен байланысты сөздік қордың байытылуына ықпал етеді.

Ағылшын тіліндегі түркізмдер мәселесі лингвистикада өткен ғасырдан бастап ғалымдардың назарына іліне бастады. Түркі тілдерінен енген кірме сөздердің табиғатын зерттеуде қазіргі уақытта біз білетін В.Д. Аракин, Н.А. Баскаков, Ж.А. Әбуов, И.Биккинин, Н.Ж. Шаймерденов, О.О. Сүлейменов сияқты классик ғалымдардың еңбектері Шығыс Еуропа тілдерінің сөздіктеріндегі түркізмдердің зерттелуіне арналған. Ағылшын тіліндегі түркі кірме сөздерін анықтауға еңбектерін арнаған И. Биккинин[4], В.В. Власичева[5] сияқты ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Гастрономиялық терминдердің өзге тілдерге ену процесін және олардың сол тілдердегі функционалдық рөлін зерттеу арқылы, мәдениетаралық қарым-қатынастардың тілдік көріністерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Тілді мәдени контекстен бөліп қарау мүмкін емес, себебі бүгінгі лингвистикалық зерттеулер антропоцентристік бағытқа негізделген. Ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталып келе жатқан тағам атаулары ұлттың мәдени кодын тасымалдаушы ең тұрақты лексикалық қор ретінде ерекшеленеді.

Ағылшын тіліндегі гастрономиялық терминологияның құрамындағы түркізмдерді зерттеудің өзектілігін төмендегідей қарастыруға болады:

Мәдениетаралық диалогтар: Түркі халықтарының материалдық мәдениетін, соның ішінде тағамдық лексикасының батыс әлеміне ықпалын ғылыми негіздеу.

Лексикалық жүйелену: Ағылшын тілінің сөздік қорында кездесетін түркі тектес дәмдеуіштер мен тағам атауларының семантикалық және стилистикалық эволюциясын нақтылаудың қажеттілігі.

Этнолингвистикалық көрінісі: Жаһандану жағдайында ұлттық кодты сақтай отырып, басқа тілдік ортаға бейімделген терминдердің функционалдық рөлін анықтау.

Ағылшын тіліндегі тағамтану терминологияның тізіміндегі түркізмдерді зерттеудің қазіргі кездегі ғылыми жаңалығы:

Трансформациялық талдау: Google Ngram Viewer және Google Books корпустарының көмегімен түркі тілдерінен ағылшын тіліне енген дәмдеуіштер мен гастрономиялық терминдері мағынасының тарылуы немесе кеңеюінің талдануын анықтау.

Тағамтану терминологиясымен байланысты неологизмдерді анықтау: Лингвистикалық және мәдени алмасулар нәтижесінде пайда болған жаңа аспаздық атаулардың заманауи ағылшын тіліндегі функционалдық өрісін айқындау.

Мақаланың танымдық маңыздылығы: ағылшын тілінде қолданылатын гастрономиялық терминологияның этнолингвистикалық табиғатын ашып қана қоймай, түркі тілдес халықтардың тарихи-мәдени мұрасын әлемдік деңгейде насихаттауға жол ашу. Тілдік бірліктердің тарихи эволюциясының жиілігін талдау арқылы географиялық және әлеуметтік факторлардың ұлттық асхана мәдениетін қалай қалыптастырғанын анықтау.

Әлеуметтік желілер пайда болғанға дейін жергілікті ағылшын формалары көбінесе бұқаралық ақпарат құралдары мен тілдік билік құрылымдары арқылы таратылатын, ал жаңа формалар негізінен жергілікті тілдердің ықпалымен шектелетін. Алайда, әлеуметтік желілердің пайда болуы жеке дараланған формалар мен мағыналардың қалыптасуына әкелді, әрі желілердің қолжетімділігі көптілді коммуникацияның кеңеюіне жол ашты. Бұл құбылыс тек жергілікті тілдердің ғана емес, басқа тілдердің де ықпал етуі нәтижесінде жаңа мағыналар мен формалардың пайда болуына себеп болды. Сондықтан, ағылшын тіліне әртүрлі тілдердің әсер ету процесі бұрынғыдан да болжап болмайтын және күрделі сипатқа ие болды. Тілдік байланыстар мен олардың лингвистикалық салдарын әртүрлі контекстерде зерттеген еңбектер көп болғанымен, жаңа ағылшын тілдерінде кулинарлық терминдердің жаһандық деңгейде трансформациялануына бағытталған зерттеулер әлі де аз екенін байқауға болады.

Осылайша, кірме сөздер жайлы көптеген зерттеулер болғанына қарамастан, ағылшын тіліндегі түркізмдер әлі де жеткілікті зерттелмеген тақырып болып қалып келе жатыр. Бұл олардың таралуы мен танымалдығын тереңірек талдаудың қажеттілігін айқындайды [6].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мақала жазу барысында салыстырмалы-тарихи лингвистикалық талдау, Google Books корпусынан деректер жинау, Google Ngram Viewer, Google Trends арқылы сөздердің хронологиялық жиілігін талдау, семантикалық талдау, этимологиялық салыстыру, тұжырымдау сынды ғылыми зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеуде қолданылатын Google Ngram Viewer және Google Books корпустары деректер жинауға, оларды сандық және сапалық талдауға негізделеді. Бұл тәсіл арқылы түркі тектес тағамтану лексикасының ағылшын тіліндегі қолданыс жиілігінің динамикасын, оның хронологиялық өзгеруін және мәдени контекстке бейімделу өзгеруін айқындауға болады. Зерттеу тағамдық лексиканың мәдени және лингвистикалық трансформациясын анықтап, олардың түркі және ағылшын тілдері арасындағы өзара әрекеттесудің тереңдігін көрсетуге көмектеседі.

НӘТИЖЕЛЕР

Мақаланың мақсаты – Google Ngram деректерін пайдалана отырып, ағылшын тіліндегі түркізмдердің танымалдығын зерттеуге нақты қадамдар жасау, нақтырақ айтқанда аспаздық терминдерге талдау жасауды негізге алу. Түркізмдердің әр түрлі уақыт аралығындағы қолданылу динамикасын талдап, олардың таралуы мен қабылдануына ықпал ететін факторларды анықтау. Мәдениет, тарих және көші-қон сияқты әртүрлі аспектілер негізінде түркізмдердің ағылшын тіліне енуіне қаншалықты әсер еткенін қарастырудың маңыздылығы. Көптеген зерттеулер түркі тілдерінің, әсіресе қазақ, түрік және өзбек тілдеріндегі зоонимдік лексемалардың қолданылу ерекшеліктерін айқындап, тілдердің этимологиялық дамуын тереңірек түсінуге негіз болады [7]. Осылайша, көптеген талдаулар лингвистикалық қарым-қатынастардың тереңдігін көрсетеді және түркі мәдениетінің әлемдік лексикаға қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді. Түркі халықтарының өмір салты, әсіресе мал шаруашылығы, олардың сөйлеу әдетіне айтарлықтай әсер еткен, бұл көптеген зоонимдер мен оларға қатысты терминдердің қалыптасуына себеп болды. Осыған ұқсас жануарларға қатысты атаулар мен фразеологиялық тіркестердің зерттеулері тілдердің лингвомәдени ерекшеліктерін айқындайды [8].

Ағылшын тіліндегі түркізмдерді бірнеше категорияға бөлуге болады:

–Топонимдер: *Khiva* (Хива), *Caspian Sea* (Каспий теңізі).

–Әлеуметтік құрылымдар мен титулдарға байланысты терминдер: *khagan* (қаған), *khan* (хан).

–Тұрғын үйге байланысты терминдер: *yurt* (киіз үй).

–Киім, бас киім атауларына қатысты терминдер: *calpack* (қалпақ), *kaftan* (шапан), *gilet* (мақталы кеудеше).

–Минералды тастар атауына қатысты терминдер: *Turquoise* (бирюза).

–Өсімдіктер атауына қатысты терминдер: *bergamot* (бергамот), *taiga* (тайга).

–Жан-жануарлар мен олардың мекен атауына қатысты терминдер: *jackal* (шибөрі), *irbis* (қар барысы).

–Аспаздық терминдер: *kebab* (кебаб), *yogurt* (йогурт), *pilaf* (палау).

–Көлік: *coach* (күйме, арба).

–Құрал/қару-жарақ: *kurbash* (қамшы), *yataghan* (қысқа қылыш).

Ағылшын тіліндегі түркізмдер – түркі халықтары мен мәдениеттерінің әртүрлі тарихи кезеңдерде ағылшын тілді әлемге жасаған ықпалының көрінісі.

Түркілердің тағам мәдениеті ежелден қалыптасқан және көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты. Мал шаруашылығы мен табиғи ортаға бейімделген тұрмыс түркі халықтарының ас мәзірінде сүт өнімдері, ет тағамдары және дәнді дақылдардан жасалған ұлттық тағамдардың кең таралуына себеп болды. Мысалы, қымыз, айран, шелпек, палау, самса, манты, бауырсақ

сияқты тағамдар мен сусындар түркі өркениетінің өзіндік ерекшелігін көрсететін мәдени маркерлер саналады.

Мақала жазу барысында тарихи және гибриді лексемалар *dolma* (XVI ғасырда ағылшын тіліне енген түркі тектес сөз), *khachapuri*, *baguette*, *Turkish coffee* сияқты заманауи гибриді атауларды да атап айтуға болады.

Бүгінде *Turkish kebab*, *Uzbek pilaf*, *Kazakh kumis* сияқты атаулар тек тағам түрін ғана емес, белгілі бір ұлттың мәдени ерекшелігін де білдіретін этномәдени брендке айналды.

ТАЛҚЫЛАУ

Тарихи деректер Ұлы Жібек жолы аясында қалыптасқан сауда және мәдени байланыстардың түркі аспаздық дәстүрлерінің Еуропа кеңістігіне таралуына ықпал еткенін көрсетеді. Бұл үдеріс тұрмыстық тәжірибемен қатар тілдік деңгейде де көрініс тапты. Түркі тектес гастрономиялық терминдер жаңа тілдік ортаға енген кезде фонетикалық және семантикалық бейімделуге ұшырап, қабылдаушы тілдің жүйесіне сәйкестенді.

Google Ngram Viewer және Google Books деректеріне негізделген талдау түркі тілдерінен енген аспаздық терминдердің ағылшын тіліндегі қолданысының тарихи өзгерісін айқындауға мүмкіндік берді. Нәтижелер бұл терминдердің белгілі бір кезеңдерде мәдени қызығушылық пен миграциялық үдерістерге байланысты жиі қолданылғанын көрсетеді. Мұндай деректер түркі гастрономиясының жаһандық мәдени кеңістіктегі орны мен оның ағылшын тіліндегі гастрономиялық дискурстағы рөлін сандық тұрғыдан дәлелдеуге мүмкіндік береді [9].

1.1. Түркі тектес гастрономиялық атаулардың фонетикалық және семантикалық бейімделуі

Ағылшын тіліндегі бірқатар гастрономиялық атаулар мен дәмдеуіш терминдерінің қалыптасу тарихы түркі тілдік кеңістігімен тығыз байланысты. Бұл үдеріс барысында сөздер қабылдаушы тілдің фонологиялық және морфологиялық жүйесіне икемделіп, бастапқы формасынан белгілі бір дәрежеде өзгеріске түскен. Мұндай өзгерістер дыбыстық сәйкестену, редукция, ассимиляция және семантикалық кеңею немесе тарылу арқылы жүзеге асқан.

Мәселен, төмендегі кестеде берілген *yoğurt* → *yogurt* формасында түркі тілдеріне тән [ğ] дыбысының жойылуы мен сингармонизм заңдылығының сақталмауы байқалады. Сол сияқты *pilav* → *pilaf* ауысымында [v] дауыссызының [f] дыбысына айналуы ағылшын тілінің фонетикалық жүйесіне бейімделудің айқын көрінісі болып табылады. *Şişlik* атауы бірнеше тілдік арна арқылы өзгеріп, ағылшын тілінде *shish kebab* және *shashlik* нұсқаларында қолданысқа енген, бұл құбылыс көпсатылы тілдік делдалдықтың нәтижесін көрсетеді.

Дәмдеуіш атаулары да осы үдерістен тыс қалған жоқ. *Kimyon* → *cumin*, *tarhun* → *tarragon*, *sumak* → *sumac* сияқты формалар фонетикалық сәйкестену мен дыбыстық редукция арқылы халықаралық терминологиялық жүйеге енген. Бұл атаулардың басым бөлігі ағылшын тіліне тікелей түркі тілдерінен емес, парсы, араб немесе осман түрік тілі арқылы жеткенімен, олардың мәдени-тарихи таралуында түркі әлемінің рөлі ерекше.

Осындай лексикалық деректерді салыстырмалы талдау түркі гастрономиясының жаһандық аспаздық кеңістікке ықпалын дәлелдеп қана қоймай, ағылшын тіліндегі гастрономиялық дискурстағы түркизмдердің лингвомәдени ерекшеліктерін [1,2-кесте] сипаттауға мүмкіндік береді.

1-кесте. Кейбір түркі тектес тағам және дәмдеуіш атауларының ағылшын тіліндегі фонетикалық бейімделуі

№	Түркі формасы	Ағылшын тіліне енген нұсқа	Өзгеріс сипаты
1	Yoğurt	Yogurt [ğ] → [g]	Сингармонизм жойылған
2	Pilav	Pilaf [v] → [f]	Дыбыстық бейімделу
3	Şişlik	Шашлык / shish kebab	Қосарлану

		[ʃ] → [ш/sh]	
4	Biber	Pepper [b] → [p]	Түбірі сақталған
5	Kimyon	Cumin	Фонетикалық сәйкестену
6	Tarhun	Tarragon [u] → [o]	Дыбыстық редуция
7	Keyif	Кефир	Түбір семантикасы өзгерген

2-кесте. Кейбір түркі тектес тағам атауларының ағылшын тіліндегі семантикалық бейімделуі

№	Түркі түбірі	Қазіргі формасы	Делдал тілдер	Мағынасы
1	yoğurt	йогурт (yogurt)	ағылшын, орыс, парсы	Сүт (қой, сиыр, ешкі) өнімдерінен дайындалған қою айран
2	pilav	палау / плов / pilaf	парсы, орыс, балқан	Күріш пен қой етінен дайындалатын тағам
3	şişlik	shashlik	орыс, неміс	Етті темірге шаншып ашық отта қуыру
4	qımız	kumiss	орыс, неміс	Ашытылған бие сүтінен дайындалатын пайдалы сусын
5	ayran	айран / ayran	парсы, балқан	Ашытылған (қой, сиыр, ешкі) сүт сусыны

1.2. Дәмдеуіш атаулары мен жалған сәйкестіктер мәселесі

Ағылшын тіліндегі бірқатар гастрономиялық сөздер мен 3-кестеде келтірілген кейбір дәмдеуіш атауларының түп-төркіні түркі тілдерінен бастау алады. Мұндай талдау түркі гастрономиясының жаһандық аспаздық әлемге ықпалының дәлелдеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар ағылшын тіліндегі гастрономиялық дискурстағы түркі тектес кірме сөздердің лингвокультурологиялық ерекшеліктерін зерттеуге жол ашады.

3-кесте. Ағылшын тілінде кездесетін түркі түбірлі дәмдеуіш атаулары

№	Түркі түбірі	Ағылшын тіліндегі қазіргі формасы	Мағынасы
1	Kimyon	cumin	Зира, кумин
2	Çemen	fenugreek	Шамбала (жер жапырақ)
3	Tarhun	tarragon	Хош иісті жусан
4	Nane	mint	Жалбыз
5	Safran	saffron	Шафран
6	Sumak	sumac	Қышқыл дәм беретін өсімдік
7	Susam	sesame	Күнжіт
8	Karanfil	clove	Гвоздика дәмдеуіші

3-кесте

Түркі тілдеріндегі сөздерге ұқсас келетін жалған сәйкестіктер мәселесін қарастыратын болсақ, *инжир* (*fig*) мен *ginger/Ingwer* (*имбирь*) сөзіне талдау жасауға болады. Бұл екі сөздің жазылуы мен оқылуы ұқсас болғанымен дамуы да, мағынасы да мүлде бөлек, екеуінің арасында тарихи-тілдік байланыс жоқ екенін, тек бір-біріне тек сырттай ұқсайтынын тарихи деректер айқындайды.

Фридрих Клюге (Kluge F) «*Etymologisches Wörterbuch der deutschen Sprache*» (неміс тілінің этимологиялық сөздігі) еңбегінде инжир (*fig*) сөзінің (інжір, фикус жемісі), *Ginger/Ingwer* (имбирь) сөздерінің этимологиясы туралы: инжир (*fig*) араб тілінен «*tīn*» – інжір; парсы тілінен *anjīr* – інжір; содан түркі тілдеріне *анжир/инжир* болып енген. Бұл сөз тек Жерорта теңізі – Иран аймағы – Орта Азия мәдени-тілдік кеңістігімен байланысты екенін жазады. Тіл білімінде мұндайды халық этимологиясын шатастыратын жалған сәйкестік (*false*

cognates) дейді. Бұл атаулардың көпшілігі ағылшын тіліне парсы, араб және түрік тілі арқылы енгенімен, олардың түп негізі көне түркі мәдениетінде жатқандығы лингвистикалық тұрғыдан дәлелденбеген [10].

1.3. Кулинарлық терминдер

Тағамтану лексикасы – халықтың өмір сүру салты мен этномәдени болмысының айнасы. Түркі тағам атаулары ағылшын тілінде қалыптасып, әлемдік гастрономиялық терминологияның бір бөлігіне айналуы – мәдени ықпалдастықтың айқын көрінісіне жатады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Шығыс Азия елдерінің Батыс державаларына есігін ашуымен қатар, ағылшын тілінің лексикалық қоры Шығыс Азиядан енген көптеген жаңа сөздермен толықты. Аспаздық терминдердің таралуында Осман империясы мен басқа да түркі мемлекеттерінің, сондай-ақ жалпы Шығыстың рөлі ерекше болды. Бұл құбылыс ағылшын тіліне азиялық тілдерден енген кірме сөздердің көлемімен салыстырғанда әлдеқайда аз болғанымен, ағылшын тіліне едәуір ықпал еткен айқын үрдіс қалыптастырды [11]. Түркі тектес аспаздық лексемалардың семантикалық дамуы мен таралуының тарихи динамикасын түсіну үшін әртүрлі дәуірлердегі жазба дереккөздерді талдау маңызды. Бұл әдіс, атап айтқанда, гастрономиялық дискурстағы лингвистикалық бірліктерді, яғни, тағам атауларының немесе дәмдеуіштердің, құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл талдау лингвомәдениеттану аспектісінде түркі асханасының халықаралық деңгейде танылуына ықпал ететін себептерді, соның ішінде тарихи, мәдени және сауда байланыстарының рөлін қарастырады. Түркі мәдениетінің ағылшын тілі сөздік қорына әсері тек тағамтану лексикасымен шектелмейді, ол сонымен қатар жалпы тілдік және мәдени алмасудың кеңірек көрінісін көрсетеді. Мұндай лингвистикалық қабылдау процестері аспаздық тіркестердің мағыналық және прагматикалық функцияларын зерттеуге, сондай-ақ олардың мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін анықтау үшін қажет. Атап айтқанда, гастрономиялық терминдер тек тағамды ғана емес, сонымен бірге онымен байланысты элеуметтік рәсімдер мен мәдени коннотацияларды да жеткізеді, бұл олардың тілдік және мәдени ландшафттағы орнын айқындайды. Мақалада, Google Books корпусындағы жиілік деректерін талдау арқылы түркі тілдерінен енген гастрономиялық сөздердің ағылшын тіліндегі қолданыс динамикасының эволюциясын, лингвистикалық өзгерістердің ұзақ мерзімді үлгілерін және мәдени ауысуларын бақылауға болады [12].

Ағылшын тіліне түркі ықпалы арқылы енген негізгі кулинарлық терминдердің (culinary lexicon) бірнешеуіне тоқталып көрейік.


1.4. Тағам атаулары

Шашлык (Shashlik). «Shashlik» сөзі ағылшын тіліне орыс тілі арқылы енген, дегенмен оның түбірі түркі тілдеріне жатады. Түркі тілдерінде «shashlyk» немесе «shishlik» – бұл еттің бірдей кесектерге бөлініп, шішке (вертелге) шаншылып, ашық оттың үстінде қуырылатын тағам түрі. Бұл тағам түркі халықтары арасында кең таралған, кейіннен Ресей империясы мен Шығыс Еуропаның басқа да аймақтарында танымал болды. Бастапқыда түркі тіліндегі «şiş» (шиш) сөзі «вертел» немесе «шампур» деген мағынаны білдірсе, кейіннен шашлык дайындаудың ажырамас бөлігіне айналды. Ағылшын тілінде «shashlik» – еттің бірдей кесектерін шаншып, ашық отта қуыратын дәстүрлі ет тағамы дегенді білдіреді.

Ағылшынтілді кеңістікте «шашлык» термині XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қолданыла бастады, алайда оның кең таралуы 1950-жылдары байқалады. Бұл құбылыс мәдени байланыстардың күшеюімен, миграциямен және тамақтану талғамының өзгеруімен байланысты.

1-суреттегі Google Ngram Viewer 1500 – 2022 жылдар аралығын қамтитын график «шашлык» терминінің XIX–XX ғасырлар кезеңіндегі белсенді қолданылуына келесі факторлардың әсер еткенін көрсетеді.

1-сурет. «Shashlik» сөзінің Google Ngram Viewer графигіндегі белсенді қолданылуы



1.Туризм және мәдени алмасу. Кавказ бен Орта Азияға саяхаттаған көптеген еуропалық саяхатшылар *шашлық* сияқты дәстүрлі тағамдарды сипаттап, оны ағылшын тілді әдебиет пен гастрономиялық еңбектерге енгізді.

2.Миграция. Кавказ, Орта Азия және Түркиядан келген иммигранттар ашқан ұлттық нақыштағы мейрамханалар арқылы шашлық ағылшынтілді қоғамға таныла түсті.

3.Халықаралық асхананың таралуы. Соғыстан кейінгі кезеңде шығыс және кавказ асханалары Батыста кеңінен насихатталып, экзотикалық тағамдарға қызығушылық артты.

4.Жаһандану және талғамның өзгеруі. Кулинарлық бағдарламалар мен мейрамханалардың көбеюі шашлықтың танымалдылығының артуына себепші болды.


5.Экзотикалық асханаға сұраныс. Шашлық қарапайым әзірленетін, дәмді, қолжетімді ет әрі «шығыс экзотикасымен» байланыстырылатын тағам ретінде кеңінен таралды.

«Шашлық» туралы алғаш рет Александр Дюма (A. Dumas) өзінің «Le Caucase» 1859 жылғы еңбегінде сипаттап, оны Батыс оқырманына таныстырады. Дюма шашлықтың дайындалуы туралы былай жазады: «I must tell you that shashlik is nothing more than mutton cut into small pieces, the size of a walnut, and grilled on a spit. These morsels are seasoned with salt, pepper, and sometimes a bit of garlic. The whole secret lies in the freshness of the meat and the precision of the grilling over charcoal. I must confess that this simple dish, which I first tasted among the mountaineers, possesses a flavour that surpasses the most sophisticated creations of our Parisian chefs». Үзіндінің аудармасы: «Мен сіздерге айтуым керек, шашлық – бұл жаңғақтай ұсақ етіп туралған және ілгекте (вертелде) қуырылған қой етінен басқа ештеңе емес. Бұл кесектер тұзбен, бұрышпен, кейде аздап сарымсақпен дәм келтіріледі. Дайындаудың негізгі құпиясы – еттің балғындығында және оның көмір үстінде дәлме-дәл қуырылуында. Мен мынаны мойындауым керек: таулықтардың арасында алғаш рет дәмін татқан бұл қарапайым тағамның дәмі біздің Париж аспаздарының ең күрделі туындыларынан да асып түседі» [13].

Кебаб (Kebab). Түркі тіліндегі «кебар» сөзі грильде немесе вертелде дайындалатын әртүрлі қуырылған ет түрлерін білдіреді. Бұл термин Осман империясының ықпалымен кеңінен танымал бола бастады, өйткені кебаб сол кезеңдегі аспаздық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болды. Ағылшын тілінде «kebab» ұғымы еттен тез дайындалатын түрлі тағамдарды қамтиды, соның ішінде «doner kebab» және «shish kebab» секілді түрлері қарапайым халық арасында аса танымалдыққа ие болды. Еуропалық зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілгендей, кебаб түрлері халықаралық


деңгейде танымалдылыққа Түркия мен Таяу Шығыс елдерінің ұлттық асханасы (2-сурет) арқылы ие болды.

2-сурет. «Кебаб» сөзінің *Google Ngram Viewer* графигіндегі қолданылуы



«Кебаб» сөзі ағылшын тілді халықтар арасында XVII ғасырдың ортасында кеңінен қолданыла бастады, ал оның ерекше белсенді қолданылуы 2010-жылдарда байқалды. Зерттеу барысында 3-суретте Google Trends корпусының деректеріне сүйенетін болсақ, 2010-жылдардан кейін «кебаб» сөзінің қолданылу жиілігі «шашлык» сөзіне қарағанда басым екені байқалады.

3-сурет. «Кебаб» және «шашлык» сөздерінің *Google Trends* корпусында қолданылу жиілігін салыстыру



XVII ғасырдың ортасында «кебаб» сөзінің ағылшын тіліне енудің негізгі факторлары:

1. Осман империясының ықпалы. XVI–XVII ғасырларда Осман империясы Еуропамен сауда, дипломатия және әскери байланыстар арқылы тығыз қарым-қатынаста болды. Осы өзара әрекеттесудің нәтижесінде империяның аспаздық дәстүрлері, соның ішінде етті (кебаб) ашық вертелде дайындау тәсілі еуропалықтарға кеңінен таныла бастады. 1888 ж «A New English Dictionary on Historical Principles» сөздігінде «кебаб» сөзіне «Kebab (cabob) – Oriental dish of meat cut into small pieces and roasted on a skewer» аудармасы: «ұсақ бөліктерге бөлініп вертельде қуырытатын шығыстық дәм» деген сипаттама беріледі. 1670 жылдары Шығысқа жасаған саяхаттарында Осман асханасының ерекшеліктерін «The Six Voyages of John Baptista Tavernier» жазбасында француз саудагері әрі саяхатшысы Жан-Батист Тавернье (Jean-Baptiste Tavernier) «Түріктер мен парсылар етті ашық отта, ұзын темірлерге түйреп пісірудің шебері. Олар мұны «кебаб (kebab)» деп атайды және бұл олардың күнделікті мәзіріндегі ең сыйлы тағам» деп жазады.

2.Шығыс асханасының таралуы. XVII ғасырда Еуропада Осман империясымен байланыстардың артуына байланысты шығыс кулинариясына қызығушылық көбейді. Ұлыбритания және Франция сияқты елдерде түркі және араб тағамдарын ұсынатын алғашқы мейрамханалар пайда болып, кебаб еуропалық қоғамға таныла бастады.

2010-жылдардан бастап «кебаб» сөзінің ерекше танымал болу себептері:

1. Жаһандану және миграция. XXI ғасырдың басында миграция көлемінің өсуі Түркия, Таяу Шығыс және Орта Азиядан шыққан халықтардың Еуропа мен Солтүстік Америкаға қоныс аударуына алып келді. Олар ашқан ұлттық мейрамханалар мен көше дәмханалары кебабтың кең таралуына ықпал етті.

2. Көше тағамының және фаст-фудтың дамуы. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында көше тағамдары ерекше танымал бола бастады. Кебаб өзінің қарапайымдылығы, қолжетімділігі және дәмділігі арқасында көптеген еуропалық және америкалық қалаларда сұранысқа ие болды. Донер мен шаверма түріндегі кебабтар жастар арасында кең таралды.

3. Медиа және мәдени трендтер. 2010-жылдары кебаб аспаздық бағдарламаларда, әлеуметтік желілерде және медиа кеңістікте трендке айналды. Кебабқа маманданған мейрамханалар мен фудтрактар әлемнің көптеген қалаларында таралып, оны заманауи көше тағамының символына айналдырды.

4.Рецепттердің әртараптануы. Кебабтың танымалдығы артқан сайын оның түрлі нұсқалары, соның ішінде вегетариандық және әртүрлі ет түрлерімен жасалатын адаптациялар пайда болды. Бұл оның аудиториясын кеңейтіп, терминнің жиі қолданылуына ықпал етті.

Осылайша, «кебаб» сөзі XVII ғасырдың ортасында ағылшын тіліне енгенімен, оның кеңінен таралуы мен белсенді қолданылуы 2010-жылдары жаһандану, миграция, көше тағамдарының дамуы және мәдени трендтердің әсерінен күшейгенін жоғарыда берілген GoogleNgram, GoogleTrends жылдар аралық графиктерінен көруге болады.

Бешбармақ (Beshbarmak). Қазақстанның ең танымал әрі мәдени тұрғыдан маңызды тағамдарының бірі. Бұл дәстүрлі ас түрінің шығу тегі мен тарихи қалыптасуы ерекше қызығушылық тудырады. Негізгі құрамына ет, қамыр (лапша) және сорпа кіретін бұл тағамның атауы оның мәдени мәнін және тұтыну ерекшеліктерін айқын көрсетеді.

Тағам атауының бұлай қалыптасуы тағамды дәстүрлі түрде қолмен жеу тәжірибесімен байланысты. Көшпелі өмір салтын ұстанған Орта Азия халықтары, соның ішінде қазақтар, ас дайындауда да, оны тұтынуда да табиғилық пен қарапайымдықты сақтаған. Бұл жағдай ұлттық тағамның тек гастрономиялық емес, сонымен бірге этномәдени құндылығын да айқындайды.

XIX ғасырда «бешбармақ» терминінің қолданылу себептері:

1.Көшпелі өмір салты және сауда жолдары арқылы таралуы. XIX ғасырда қазақтар мен Орталық Азияның басқа да көшпелі халықтары тауарлар мен мәдени дәстүрлерді белсенді түрде алмастырып отырған. «Бешбармақ» көшпелі қауым үшін негізгі тағамдардың бірі ретінде үлкен көлемде дайындалып, аймақтың әртүрлі этностары арасында кеңінен тарала бастады. Сауда және мәдени өзара ықпалдастық нәтижесінде «бешбармақ» атауы мен оның дайындау тәсілдері Қазақстан аумағынан тыс жерлерде де белгілі болды.


2.Тағамның әлеуметтік маңыздылығы. Бешбармақ дәстүрлі түрде сыйлы қонақтарға ұсынылатын тағам ретінде қарастырылған және қазақ халқының қонақжайлылығының символына айналды. XIX ғасырда бұл тағам түрлі этнографиялық сипаттамалар мен мәдени дәстүрлер контекстінде жиі аталып, көршілес халықтар арасында танымалдыққа ие болды.

3. Хаттар мен саяхатнамалар арқылы таралуы. XIX ғасырда Орталық Азияны зерттеген саяхатшылар, соның ішінде орыс зерттеушілері мен дипломаттары, жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршілігін және асханасын егжей-тегжейлі сипаттап жазды. Осы жазбалар ғылыми еңбектер мен әдебиеттерде жарияланып, «бешбармақ» терминінің кеңірек таралуына ықпал етті.

4-суреттегі Google Ngram Viewer уақыт жиілігі 1950-жылдары «бешбармақ» терминінің танымал болуының ең негізгі себептерін көрсетеді.

4-сурет. «Бешбармақ» терминінің Google Ngram Viewer корпусындағы қолдану жиілігі

Google Books Ngram Viewer



1.Қазақстанның КСРО-ға кеңінен интеграциялануы. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 1950-жылдары Қазақстанда Кеңестік Одақтың тың игеру бағдарламасы барысында қазақтың ұлттық тағамдары, соның ішінде бешбармақ, кеңестік кеңістікте танымал бола бастады. Бұл процесс кулинарлық көрмелер, КСРО ұлттары асханасы кітаптары мен мейрамханалар арқылы жүзеге асты. Ұлттар арасындағы мәдени-аспаздық алмасулар КСРО идеологиясының маңызды элементіне айналды.

2.Мейрамханалар мен көше тағамдарының дамуы. 1950-жылдары кеңестік қоғамда экзотикалық және ұлттық асханаларға деген қызығушылық артты. Орталық Азия асханасына маманданған мейрамханаларда бешбармақ кеңінен ұсынылып, кеңес азаматтары арасында аса танымал тағамдардың қатарына қосылды.

3.Көші-қон және қазақ мәдениетінің таралуы. Бұл кезеңде қазақтар мен Орталық Азия халықтарының басқа аймақтарға қоныс аударуы жиілеп, олар өзімен бірге ұлттық тағамдарын алып келді. Соның нәтижесінде «бешбармақ» термині КСРО аумағында кең таралды.

2000-жылдары бешбармақтың кеңінен танымал болуы себептері:


1.Жаһандану және ұлттық асханаға қызығушылықтың артуы. 2000-жылдары жаһандану үдерістерінің күшеюі және этникалық тағамдарға деген қызығушылықтың өсуі нәтижесінде «бешбармақ» Қазақстанда ғана емес, одан тыс елдерде де кеңінен таныла бастады. Әртүрлі елдердегі қазақ диаспоралары ұлттық тағамдарды насихаттап, оның Еуропа, Ресей және АҚШ-та танылуына себеп болды.

2.Медиа арқылы дәстүрді әйгілеу. 2000-жылдары аспаздық телебағдарламалар, блогтар және әлеуметтік желілердің ықпалы артты. Осы ақпараттық алаңдарда «бешбармақ» туралы материалдар жиілеп, оның халықаралық деңгейде танылуына әсер етті.

3.Мәдени бірегейлікті сақтау үрдісі. 2000-жылдары Қазақстанда ұлттық мәдениетке және дәстүрлі құндылықтарға деген қызығушылық айтарлықтай күшейді. Тағамтану бағыты да бұл үдеріске маңызды үлес қосып, «бешбармақ» қазақ қонақжайлылығы мен ұлттық идентификациясының символы ретінде насихаттала бастады [14].

Осылайша, «бешбармақ» термині XIX ғасырда кеңінен қолданылып, тағамның өзі 1950-жылдардан бастау алып Кеңес Одағының мәдени кеңістігіне интеграциялану нәтижесінде едәуір танымалдыққа ие болған термин, Google Trends графигінің 2000-жылдары жаһандану, медиа ықпалы және ұлттық мәдениетті жаңғырту үдерістерінің арқасында сөздің танымалдығы жаңа деңгейге көтерілгенін 5-суреттен көруге болады.

5-сурет. «Бешбармақ» атауының *Google Trends* графигіндегі танымалдылық динамикасы



Айта кету керек, бұл тағам дәстүрлі қазақ танымында тек «ет» деп қана аталады әрі бұл тұрғыда «бешбармақ» жағымсыз коннотацияға ие. Бұл жайында қазақтың көрнекті этнографы Ө. Жәнібеков 1995 ж «Жолайрығында» жазбасында қазақ халқы бұл тағамды ешқашан «бешбармақ» деп атамағанын, тек «ет», «асылған ет» немесе «қазақша ет» деп атағаны туралы жазады [15]. Алайда жоғарыдағы талдау көрсеткендей, халықаралық деңгейде «бешбармақ» атауы танымал болып отыр. Қазіргі кезде тұрмыстық коммуникацияда және БАҚ-та «беш» деген қысқарған атауы да жиі кездеседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Түркі және үнді-еуропа тілдері арасындағы ғасырларға созылған өзара ықпалдастық–бұл жай ғана тарихи процесс емес, бұл әр түрлі халықтардың тағдырлас болғанын көрсететін терең мәдени құбылыс. Осы байланыстың ең жарқын, әрі күнделікті тұрмыста айқын байқалатын көрінісі – аспаздық мәдениет пен гастрономиялық лексика.

Зерттеу барысында анықталғандай, түркі халықтарының ас мәдениеті әлемдік өркениеттің ортақ қазынасына баға жетпес үлес қосты. Ағылшын тіліндегі гастрономиялық атаулардың құрамынан түркілік негіздердің табылуы – көшпелілер мәдениетінің статикалық емес, өте динамикалық және ықпалды болғанының бұлжытпас дәлелі. Бұл тілдік қабаттардың ерте заманнан бүгінге дейін жеткен мәдени және өркениеттік кодтардың үзілмеген сабақтастығы.

Түркі гастрономиялық лексикасын зерделеу тек құрғақ лингвистикалық талдаумен шектелмейді. Ол – тарихтың қойнауында қалған дипломатиялық байланыстар мен сауда қатынастарын қайта тірілтетін мәдениетаралық ізденіс. Тағам мен дәмдеуіш атаулары арқылы біз халықтың тек тұрмысын ғана емес, оның қонақжайлылық этикасын, табиғатпен үйлесімділікке негізделген дүниетанымын және этномәдени бірегейлігін көреміз.

Қорыта айтқанда, көшпелі түркі халықтарының аспаздық мұрасы көршілес халықтардың тілдік қорына сіңіп қана қоймай, жаһандық деңгейдегі гастрономиялық терминологияның ажырамас бөлшегіне айналды. Бұл процесс жаһандану дәуірінде ұлттық ерекшеліктерді сақтаудың маңыздылығын тағы бір мәрте айқындай түседі. Біз ағылшын тілді коммуникацияда «shashlik» немесе «kebab» терминдерін естігенде, оның астарында ұлы даланың рухы мен адамзат тарихын өзгерткен мәдени алмасудың терең іздері жатқанын сезінуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Джусупов М. Рецензия на монографию: Рахимов Г.Х. Инглиз тили Ўзбекистонда: социолингвистик ва прагматик кўрсаткичлар (Английский язык в Узбекистане: социолингвистический и прагматический аспекты). – Ташкент: Tamaddun, 2017 // Russian Journal of Linguistics. Вестник РУДН. Серия: Лингвистика. – 2019. – Vol. 23, № 1. – Б. 254–266.
- 2 Çakıcı S., Mercan O., Moumin E., Sünnetçioğlu S. Profesyonel mutfaklarda kullanılan dil, yabancı terimler ve Türkçe kullanımı üzerine nitel bir araştırma [A qualitative research on the use of language, foreign terms and Turkish used in professional kitchen] // Uluslararası Türk Dünyası Turizm Araştırmaları Dergisi. – 2020. – Vol. 5, № 2. – Б. 127–140.
- 3 Zamaletdinov R. I., Nurmukham R. Lexicography of the Tatar language ethno cultural vocabulary // Philology and Culture. – 2024. – № 2. – P. 24–29.
- 4 Бикнин И Тюркизмы в английском языке // Татарская газета. – 1998. – № 13.
- 5 Власичева В.В. Тюркизмы в современном английском языке / В.В. Власичева // Вести. Волгогр. гос. ун-та. – Сер. 2. Языкознание. – 2010. – № 2 (12). – С. 142 – 146
- 6 Баскаков Н. А. Тюркизмы в языках Европы. – Москва : Наука, 1989. – Б. 17–31.
- 7 Rayeva A., Eker S. Linguoculturological semantic aspects of zoo-phraseological units in Turkic languages // Eurasian Journal of Philology Science and Education. – 2024. – № 3. – Б. 91–98.
- 8 Kabylova A., Aidana R. Interference of cultures: Turkic and Slavic languages (lexical level of Kazakh and Russian) // Studies in Media and Communication. – 2022. – Vol. 10, № 1. – Б. 52–60.
- 9 Rosenthal J. S. Turkic borrowings in English: a historical perspective. – Москва: Наука, 2003. – Б. 102–104.
- 10 Kluge F. Etymologisches Wörterbuch der deutschen Sprache. – 24. Aufl. – Berlin : De Gruyter, 2002.
- 11 Smith A. K. The influence of Turkish on English cuisine // Culinary Studies. – 2010. – Vol. 12, № 2. – Б. 34–50.
- 12 Иванова С. Н., Мучкина Е. С., Немчинова Н. В., Селихова С. Г. Структурно-семантические особенности названий англоязычных блюд // Современные исследования социальных проблем. – 2019. – Т. 11, № 5. – Б. 119–133.
- 13 Dumas A. Adventures in the Caucasus/ A. Dumas; transl. by A. E. Murch. – London: Peter Owen, 1962. – 205 p. (Origin: *Le Caucase*, 1859).
- 13 Baudelaire C. Street food culture in the modern world. – Paris: Culinary Press, 2010. – Б. 97–112.
- 14 Бабаджанова Л. Казахская кухня: традиционные блюда и их значение. – Алматы: Алматинское издательство, 2001. – Б. 44–57.
- 15 Жәнібеков Ә. «Жолайрығында» [Мәтін]. – Алматы: Рауан, 1995. – 192 б

Материал 03.02.2026 баспаға түсті

Влияние тюркской пищевой культуры на гастрономическую лексику английского языка: кулинарные термины и названия пряностей тюркского происхождения

Ш.А. Хамитова¹, А.С. Адилова¹, А.Ш. Каппасова¹, А.К. Жунусова²

¹Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика

Е.А. Букетова, Караганда, 100028, Казахстан

²Карагандинский индустриальный университет, Темиртау, 101400, Казахстан

Статья посвящена историко-лингвистическому анализу влияния кулинарной культуры тюркских народов на английский язык через призму гастрономической лексики. В статье рассматриваются пути распространения тюркских кулинарных терминов в индоевропейских языках, их семантическая и фонетическая адаптация, а также культурное влияние. В исследовании с использованием графических данных анализируются социально-культурные

причины заимствования тюркских наименований блюд в индоевропейских языках и частотность их употребления в историческом контексте.

Целью работы является определение места и культурной значимости кулинарных терминов тюркского происхождения, в особенности названий приправ и блюд, в английских гастрономических контекстах. Результаты исследования показывают, что такие тюркские кулинарные термины, как «kebab», «yogurt», «pilaf», «shashlik», вошли в лексический состав английского языка и стали важным проявлением межкультурного взаимодействия.

Статья анализирует эволюцию тюркско-английских языковых контактов на уровне кулинарной лексики и затрагивает значимые проблемы лингвокультурологии и исторической лексикологии.

В последние годы изучение влияния тюркской цивилизации на европейскую культуру, особенно на языковом уровне, приобретает особую актуальность в рамках лингвокультурологии, этнолингвистики и исторической лексикологии. Настоящая научная статья посвящена анализу влияния пищевой культуры тюркских народов на английский язык, в частности культурных связей, реализованных через гастрономическую лексику.

Ключевые слова: тюркизмы, кулинарная лексика, заимствованные слова, историческая лексикология, лингвокультурология, тюркская пищевая культура, названия приправ.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Джусупов М. Рецензия на монографию: Рахимов Г.Х. Инглиз тили Ўзбекистонда: социолингвистик ва прагматик кўрсаткичлар (Английский язык в Узбекистане: социолингвистический и прагматический аспекты). Ташкент: Tamaddun, 2017. [Review of Rakhimov G. H. Ingliz tili O'zbekistonda: sociolinguistik va pragmatik kursatkichlar. The English language in Uzbekistan: sociolinguistic and pragmatic aspects]. – Tashkent: Tamaddun, 2017 // Russian Journal of Linguistics. Вестник РУДН. Серия: Лингвистика. – 2019. – Vol. 23, № 1. – P. 254–266.
- 2 Çakıcı S., Mercan O., Moumin E., Sünnetçioğlu S. Profesyonel Mutfaklarda Kullanılan Dil, Yabancı Terimler ve Türkçe Kullanımı Üzerine Nitel Bir Araştırma. [A qualitative research on the use of language, foreign terms and Turkish used in professional kitchen] // Uluslararası Türk Dünyası Turizm Araştırmaları Dergisi. – 2020. – Vol.5, № 2. – P. 127–140.
- 3 Zamaletdinov R. I., Nurmukham R. Lexicography of the Tatar language ethnocultural vocabulary // Philology and Culture. – 2024. – № 2. – P. 24 – 29.
- 4 Биккинин И Тюркизмы в английском языке // Татарская газета. – 1998. – № 13.
- 5 Власичева В.В. Тюркизмы в современном английском языке / В.В. Власичева // Вести. Волгогр. гос. ун-та. – Сер. 2. Языкознание. – 2010. – № 2 (12). – С. 142 – 146
- 6 Баскаков Н. А. Тюркизмы в языках Европы. – Москва : Наука, 1989. – С. 17–31.
- 7 Rayeva A., Eker S. Linguoculturological semantic aspects of zoo-phraseological units in Turkic languages // Eurasian Journal of Philology Science and Education. – 2024. – № 3. – P. 91–98.
- 8 Kabylova A., Aidana R. Interference of cultures: Turkic and Slavic languages (lexical level of Kazakh and Russian) // Studies in Media and Communication. – 2022. – Vol. 10, № 1. – P. 52–60.
- 9 Rosenthal J. S. Turkic borrowings in English: a historical perspective. – Москва : Наука, 2003. – С. 102–104.
- 10 Kluge F. Etymologisches Wörterbuch der deutschen Sprache. – 24. Aufl. – Berlin : De Gruyter, 2002.
- 11 Smith A. K. The influence of Turkish on English cuisine // Culinary Studies. – 2010. – Vol. 12, № 2. – С. 34–50.
- 12 Иванова С. Н., Мучкина Е. С., Немчинова Н. В., Селихова С. Г. Структурно-семантические особенности названий англоязычных блюд // Современные исследования социальных проблем. – 2019. – Т. 11, № 5. – С. 119–133.
- 13 Dumas A. Adventures in the Caucasus /A. Dumas; transl. by A. E. Murch. – London: Peter Owen, 1962. – 205 p. (Origin: *Le Caucase*, 1859).

- 14 Бабаджанова Л. Казахская кухня: традиционные блюда и их значение. – Алматы: Алматинское издательство, 2001. – С. 44–57.
15 Жанибеков О. Жолайрығында [На распутье] [Текст]. – Алматы: Рауан, 1995. – 192 с.

Материал поступил в редакцию журнала 03.02.2026

The influence of turkic food culture on english gastronomic lexicon: turkic-origin culinary terms and spice names

Sh. Khamitova¹, A. Adilova¹, A. Kappassova¹, A. Zhunussova²

¹Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda, 100028, Kazakhstan

²Karaganda Industrial University, Temirtau, 101400, Kazakhstan

The article is devoted to a historical and linguistic analysis of the influence of Turkic culinary culture on the English language through gastronomic vocabulary. It examines the pathways through which Turkic culinary terms spread into Indo-European languages, their semantic and phonetic adaptation, as well as their cultural impact. Using graphical data, the study analyses the socio-cultural factors behind the adoption of Turkic food names in Indo-European languages and the frequency of their usage in historical contexts.

The aim of the research is to identify the role and cultural significance of culinary terms of Turkic origin particularly the names of spices and dishes – within English gastronomic contexts. The findings demonstrate that such Turkic culinary terms as «kebab», «yogurt», «pilaf» and «shashlik» have become part of the English lexical system and represent an important manifestation of intercultural interaction.

The article explores the evolution of Turkic – English linguistic contacts at the level of culinary vocabulary and addresses key issues in linguocultural studies and historical lexicology.

In recent years, the study of the influence of Turkic civilization on European culture, especially at the linguistic level, has become a topical subject in linguocultural studies, ethno linguistics, and historical lexicology. This research article focuses on analysing the impact of Turkic food culture on the English language, specifically the cultural connections realized through gastronomic vocabulary.

Key words: turkisms, culinary vocabulary, loanwords, historical lexicology, linguocultural studies, Turkic food culture, names of spices.

REFERENCES

- 1 Dzhusupov M. Review of Rakhimov G. H. Ingliz tili O'zbekistonda: sociolingvistik va pragmatik kursatkichlar (The English language in Uzbekistan: sociolinguistic and pragmatic aspects). – Tashkent: Tamaddun, 2017 // Russian Journal of Linguistics. Vestnik RUDN. Series: Linguistics. – 2019. – Vol. 23, № 1. – P. 254–266.
- 2 Çakıcı S., Mercan O., Moumin E., Sünnetçioğlu S. Profesyonel mutfaklarda kullanılan dil, yabancı terimler ve Türkçe kullanımı üzerine nitel bir araştırma [A qualitative research on the use of language, foreign terms and Turkish used in professional kitchen] // Uluslararası Türk Dünyası Turizm Araştırmaları Dergisi. – 2020. – Vol. 5, № 2. – P. 127-140.
- 3 Zamaletdinov R. I., Nurmukham R. Lexicography of the Tatar language ethnocultural vocabulary // Philology and Culture. – 2024. – № 2. – P. 24–29.
- 4 Bikinin I. Tyurkizmy v angliyskom yazyke [Turkisms in the English language]. Tatarskaya gazeta [Tatar Newspaper], 1998. – № 13.
- 5 Vlasicheva V. V. Tyurkizmy v sovremennom angliyskom yazyke [Turkisms in modern English]. Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya 2: Yazykoznanie [Science Journal of Volgograd State University. Vol 2: Linguistics], 2010. – 2(12). – P.142–146.
- 6 Baskakov N. A. Tyurkizmy v yazykakh Evropy [Turkisms in the languages of Europe]. – Moscow: Nauka, 1989. – P. 17–31.

- 7 Rayeva A., Eker S. Linguoculturological semantic aspects of zoo-phraseological units in Turkic languages // Eurasian Journal of Philology Science and Education. – 2024. – № 3. – P. 91–98.
- 8 Kabylova A., Aidana R. Interference of cultures: Turkic and Slavic languages (lexical level of Kazakh and Russian) // Studies in Media and Communication. – 2022. – Vol. 10, № 1. – P. 52–60.
- 9 Rosenthal J. S. Turkic borrowings in English: a historical perspective. – Moscow: Nauka, 2003. – P. 102–104.
- 10 Kluge F. Etymologisches Wörterbuch der deutschen Sprache. – 24th ed. – Berlin: De Gruyter, 2002.
- 11 Smith A. K. The influence of Turkish on English cuisine // Culinary Studies. – 2010. – Vol. 12, № 2. – P. 34–50.
- 12 Ivanova S. N., Muchkina E. S., Nemchinova N. V., Selikhova S. G. Structural and semantic features of English dish names // Modern Studies of Social Problems. – 2019. – Vol. 11, № 5. – P. 119–133.
- 13 Dumas A. Adventures in the Caucasus /A. Dumas; transl. by A. E. Murch. – London: Peter Owen, 1962. – 205 p. (Origin: *Le Caucase*, 1859).
- 14 Babadzhanova L. Kazakh cuisine: traditional dishes and their significance. – Almaty: Almaty Publishing House, 2001. – P. 44–57.
- 15 Zhanybekov O. Zholayrygynda [At the crossroads] [Text] Almaty.–1995.–Rauan.–192p.

Received: 03.02.2026